

Л. 2006


6033к

ҚАЗІРГІ  
ҚАЗАҚ  
ПОЭЗИЯСЫ

Қадыр  
Мырза Әли

*Мандаман*

1











ҚАЗІРГІ  
ҚАЗАҚ  
ПОЭЗИЯСЫ

# Қадыр Мырза Әли

*Мандаталы*

*Екі томдық  
шығармалар  
жинағы*

**Бірінші  
ТОМ**

*Өлеңдер мен дастандар*



Алматы  
«Жазушы»  
2005

ББК 84 Қаз 7-5

М 91

*Қазақстан Республикасы Мәдениет, ақпарат және спорт министрлігінің бағдарламасы бойынша шығарылды*

**Қадыр Мырза Әли**

**М 91 Таңдамалы. Екі томдық шығармалар жинағы.**  
1-том. Өлеңдер мен дастандар — Алматы: Жазушы, 2005. — 424 бет.

ISBN 9965-746-26-5

Оқырман қауымға кеңінен мәшһүр, көрнекті ақынның екі томдық шығармалар жинағының бірінші томы “Ақ отау”, “Бұлбұл бағы”, “Ой орманы”, “Дала дидары”, “Ақырзаман” т.б кітаптарындағы ең таңдаулы өлеңдері мен шағын дастандарынан тұрады.

М 4702250202-069  
402(05)-05

ББК 84 Қаз 7-5

ISBN 9965-746-26-5-(Т.1)  
ISBN 9965-746-25-7

© “Жазушы” баспасы, 2005



### ШАБЫТТЫ ШАҚ

Жүрек пен жүйке егессін,  
Жыр көңіл сонда толғайды.  
Жынды деп жынды емессің,  
Демеуге және болмайды.

Тебісіп ырғақ миында,  
Төгесің сырды отырып.  
Адам деп айту қиын да,  
Алла деп айту өтірік!

Серпінді ой ішті кернейді,  
Соғыса кеткен көп сендей.  
Құдайды көзің көрмейді,  
Көреген бірақ жоқ сендей.

Қас қағым уақыт ішінде  
Ұғасың бәрін дана боп.  
Қас қағым уақыт ішінде  
Шығасың және бала боп.

Жатасың сосын бой жазып,  
Ақынға бір сәт саналмай,

Тамаша жырды мен жазып  
Тастадым деуге сене алмай!

## ЖЕР

Бұл қара жер болған бізге кең мекен,  
Кең мекенге қанша қауіп төнді екен!  
Білсең оны,  
Төбе шашың тік тұрар,  
Бейшараның көрмегені кемде-кем!

Таң аддында қылауласа түңғыш қар,  
Қызыл қанға бояуға оны кім күштар.  
Қара жерге қан жылатқан өйтсе де  
Гитлерлер, Батулар мен Шыңғыстар.

Сөне жаздап, сөне жаздап шам-шырақ,  
Талай рет жатыпты-ау ол қансырап.  
Сондай кезде,  
Сондай кезде қол созып  
Қай құдірет келіпті одан хал сұрап!

Құшағына ап мың сан ұлды кекілді,  
Қаншама рет күйінді ол, өкінді.  
Освенцим мен Бухенвальдтар  
Бұл жердің  
Жүрегіне түскен жара секілді.

Жердің көрген қорлығы көп,  
Жетеді.  
Ол жыласа,  
Жасқа толар етегі...  
Аяғаннан,  
Алдыма алып сәбидей  
Айдарынан сипағым кеп кетеді!

## ҚЫЗЫҒУ

Жортуылдап жүріп өткен ізі қан  
Жетіп жатыр құдіретті бұзық аң.  
Бірақ барыс азуына қызықпай,  
Мен тұлпардың тұяғына қызығам!

Құйылып кеп таудың қия-құзынан,  
Құс патшасы, қаз мойнынын үзіп ал!  
Бірақ қыран шеңгеліне қызықпай,  
Мен бұлбұлдың таңдайына қызығам!

## ЖҮЙРІК

Жұлдыздай ағып түскен түрме-түнде  
Жүйрік-ай жүйтки білген сүйретілмей!  
Заулауын зымырандай  
Тегістікке  
Тұяғы бірде тисе,  
Бірде тимей!

Ақ көбік ақтарылған езуін-ай!  
Өзі — ат.  
Өзі — қыран,  
Өзі — құмай.  
Сірә, оған шабудан да самғау жеңіл,  
Сірә, оған қалудан да озу оңай!

Арғымақ алар болар бұрын бәйгі,  
Алдында ор жатса да бұрылмайды.  
Ұшқын-тер шашыраса,  
Бауырында  
Жұмыр жер шарқайрақтай зырылдайды.

Тұяғы тиген таста от қалардай,  
Тосқауыл арқан керсе, тоқталар ма-ай!  
Аңыздан шыға келген бір арғымақ  
Аңызға сүңгіп қазір жоқ болардай.

Қас жүйрік қайтушы еді ақырынды,  
Келеке қылып жабы пақырынды,  
Қас қағым уақыт сайын  
Тұяғымен  
Түйдектеп лақтырады шақырымды.

Жүлде иесі ат тілеуін түрса тілеп,  
Жоқ па деп басқа тілек ұрсатын ек.

Шіркін-ай, татымайды екен ғой жыл  
Жүйріктің ағып өткен бір сәтіне!

Басқа жұрт осындай ат бағып көрсін!  
Ойбай-ау,  
Арқаң қозбай нағып тұрсың?!  
Оқ бойы озып шауып бара жатқан  
Ат емес,  
Ала күйын шабыт дерсің!

Ақ көбік ақтарылған езуін-ай!  
Өзі — ат,  
Өзі — қыран,  
Өзі — құмай.  
Жүйрікке шабудан да самғау жеңіл,  
Жүйрікке қалудан да озу оңай!

## ӨКІЛДІК

Қалада туып ұлдарым, қалада ұзақ тұрсам да,  
Кемедей мұзды мұхитта амалсыз қалған құрсауда,  
Мен өзім, достар, о бастан далалық гүлдің  
бүршігі ем,  
Кең дала болып күлемін, кең дала болып күрсінем!

Қалада туып жырларым, қалада ұзақ тұрсам да,  
Кемедей мұзды мұхитта амалсыз қалған құрсауда,  
Даламның сөзін сөйлеймін, сөйлеймін сөзін  
қыраттың,  
БҰҰ-дағы бір елдің өкіліндей тұрақты!

## НАЗ

Құмырсақдай дұшпаны жабылып келіп талаған  
Айнала бердім орнымда, айнала бердім қалада.  
Телміре бердім әйнектен, телміре бердім далаға,  
Оңаша үйге шешесі қамап бір кеткен баладай.

Көп таптап кеттім бір жерді  
Асфальт жол төсеп жатқандай,

Болмайды маған кетпеуге, болмайды маған  
аттанбай!  
Сағындым түздің жауынын, сағындым түздің  
дауылын,  
Қыз алып қашқан жігіттей алып қаш мені, ауылым!

### **ЖАЙМАШУАҚ**

Абайла  
Күннің үкісін  
Жіберер болсаң қозғап бір,  
Сау етіп көктің күмісі  
Төгіліп кете жаздап тұр.

Қажеті желдің жоқ тегі,  
Үф! — десең болды аздап бір,  
Селдірлеу бұлттар көктегі  
Сетінеп кете жаздап тұр!

Даусыңды — алмас қылышты  
Көтерер болсаң аздап бір,  
Тырсиып піскен тыныштық  
Жарылып кете жаздап тұр!

### **АСПАН ӘСЕРІ**

Көрсетпейді ғашықтарды күлгін бақ,  
Күлгін бақта құшақтағы Гүл қымбат...  
Жеткен талай сері түннің түбіне  
Жымындайды қыз-жұлдыздар қылмындап.

Отыздағы ойлы азамат, ал ақтал!  
Орман кезіп нағып жүрсің далақтап?!  
Отыз күннің басын шауып түсірген  
Қылыш-Ай тұр қақ төбеңде жалақтап!

### **АДАМНЫҢ КЕЙБІР КЕЗДЕРІ**

Он кісілік парыз бар бір басымда,  
Одан ауыр жоқ шығар қорғасын да!

Жақсылықты көргенде жарқылдаймын  
Сұлулардың саф алтын сырғасындай!

Солай болып өткенді тілер едім.  
Тілер едім,  
Мәз болып күлер едім.  
Жамандықты көргенде жүзім суып,  
Музейдегі қылыштай түнеремін!

### ӨМІРДІҢ ӨЗІ ҚЫЗЫҚ-АҚ

Өмірдің өзі жұмбақ бір, өмірдің өзі қызық-ақ,  
Жап-жақсы жырды кейде біз түзеумен жүрміз  
бұзып ап.

Өмірдің өзі жұмбақ бір, өмірдің өзі қызық-ақ,  
Біреуді сынап адам ғып, мақтаумен жүрміз бұзып ап.

Өмірдің өзі жұмбақ бір, өмірдің өзі қызық-ақ,  
Жүйкеге бола дәрі ішіп, бауырды жүрміз бұзып ап.

Өмірдің өзі жұмбақ бір, өмірдің өзі қызық-ақ,  
Аштықпен емдеп ауруды, тоқтықпен жүрміз бұзып ап.

Өмірдің өзі жұмбақ бір, өмірдің өзі қызық-ақ!..

### ШЫҒАР

Құздағы қар кетті дейміз,  
Ол — көктем келгені шығар.  
Нажағай жарқ етті дейміз,  
Ол — оның өлгені шығар.

Жаңбыр сәл сіркіреді дейміз,  
Ол — бұлттың исінгені шығар.  
Күн қатты күркіреді дейміз,  
Ол — оның күрсінгені шығар.

Жігерім қайнады дейміз,  
Ол — жырдың ұнағаны шығар.  
Бұлбұлды сайрады дейміз.  
Ол — оның жылағаны шығар!

## АРМАН

Бір шөлден өтесм, тұрады алда бір шөлің,  
Бір көлден өтсем, тұрады алда бір көлің.

Өстіп-ақ жүріп, болармын әлі кәрия,  
Өзеннен өтсем, тұрады алда дәрия.

Бітпеймін десе, бітпейді сүрлеу, о тоба-ай!  
Тоғайдан өтсем, тұрады алда бір тоғай.

Жоқ екен, достар өнердің мына дауасы,  
Асудан ассам, тұрады алда бір асу!

Келемін әлі, келемін терді құрғатпай.  
Арманы құрғыр жеткізбейді екен түнгі оттай!

## КЕЙДЕ

Кейде ұлым отырады көп ойынын азайтып,  
“Бүгін бір де айналайын демедің”, — деп наз айтып.

Кейде жарым отырады, отырады өкпелі,  
“Бүгін үйден шығарыңда сүймей шықтың,—деп,— мені!”

Кейде мен де отырамын терең ойдың түбінде,  
“Неге бұлар мойныма асылмады бүгін?” — деп.

## САЛҒАСТЫРУ

Бәрібір үлкен-кішің де,  
Бәрібір ұйқың қашады:  
Жүрсең де жұрттың ішінде  
Жалғыздық еңсе басады.

Жетпейді достық тегінде,  
Кіргенмен ылғи түсіңе,—  
Ауыз су жетпегеніндей  
Мұхитта жүрген кісіге!

## ТҮР МЕН МАЗМҮН

Тайсақтап тұрмау үшін де  
Туады өлең арыс боп.  
Түр деген тордың ішінде  
Тулайды мазмұн барыс боп.

Төзе алмай темір қонысқа  
Тулайды шіркін, тулайды.  
Тоқиды торды барысқа,  
Тор үшін барыс тумайды!

## ҰЛЫ АДАМ ӨЛГЕНДЕ

*Мұхтар Әуезовке ескерткіш*

Көр болғыр көзге жас алмай,  
Жас алмай қалар қай кісі?!  
Үлкен бе едің кашаннан,  
Кішкене жұрттың қайғысы?!

Майып боп кетті өз адам,  
Майысты ата таяғы.  
Бауырлар бір сәт қазадан  
Баса алмай қалды аяғын.

Қайсарлық жасап көрсек те,  
Көз жасы болмай күйылды.  
Көк аспан өзі бір сәтке  
Қаралы ту боп иілді.

Құпия қару асынған  
Ауруға мұндай мол өкпең.  
Өрілді оның басында  
Халықтың өзі венюк боп.

Кеудесін жаншып тас батқан  
Көшелер жатты шаңытпай.  
Түп-тура тартқан асфальт та  
Түнерген қара табыттай.

Көр болғыр көзге жас алмай,  
Жас алмай қалар қай кісі?!  
Үлкен бе едің қашаннан,  
Кішкене жұрттың қайғысы?!

## РАСУЛ ҒАМЗАТОВҚА

Тентегің де туламай,  
Түрген жырға құлақты.  
Ақ батасын ұлы Абай  
Саған берген сияқты.

Алатаудай сүйікті  
Кавказда сен ержеттің.  
Өлеңде де  
Биікте  
Туғаныңды көрсеттің.

Бүкіл таудың жыр-әні  
Қонып саған түр өлі.  
Авар — сенің ұраның,  
Сен — авардың құраны

Бірақ, досым,  
Киелі  
Жазсаң да ана тілінде,  
Сені қазақ сүйеді  
Менің ақын ұлым деп.

Жырыңа жұрт қанықты,  
Қанатындай көп бердің.  
Көкпар қылып даңқты  
Құлагерге бөктердің.

Оңай емес бұл егес,  
Сәл сүрінсең өкіндім:  
Құлайтұғын сен емес,  
Құлайтын мен секілді.

Өнер деген жақпардан  
Бір құласа оңбайды.

Түскеннен соң көкпарға  
Тұлпар болмай болмайды.

Осал болса,  
Жырыңа  
Ел көңілі толмайды.  
Аз халықтың ұлына  
Ұлы болмай болмайды!

## ДИОГЕННИҢ МОНОЛОГЫ

Ойлан!  
Ойлан!  
Ерте деме, кеш деме!  
Ойдан қымбат жоқ дер едім ештеңе.  
Одан кейін — шүкіршілік,  
Ол болса,  
Баспанаға жарап жатыр бөшке де!

Сатылмағын сән-салтанат,  
Сәулетке.  
Ол бәрібір баяндамас әулетке.  
Шындық ізде,  
Ізде және Әділдік.  
Көзің сатпай көрі сайқал дәулетке.

Ақымақ жандар  
Адам бармас жырақта  
Алтын үшін аруақтарды жүр аттап.  
Менен жұрттың бәрі де бай,  
Бәрі бай,  
Менің жаным тынышырақ бірақ та!

Айыптаман ақылымды шет көрсең,  
Көп алады өмір өзі, көп берсе.  
Бар болғасын жоғалады, бітеді,  
Бір ғажабы, жоғалмайды жоқ нәрсе!

Есептесең алтыныңды, есепте!  
Ол ажалдан құтқармайды “дос” ед деп,

Жарлыға өлу әлдеқайда жеңілдеу,  
Өмір сүру қиынырақ десек те!

Байлық!

Байлық!

Байлық деген батпан сор.

Адамзатты тура жолдан қаққан сол.

Ағыл-тегіл дүниені де жетпейді,

Әділеттің өзі жетпей жатқан соң!

Ойлан!

Ойлан!

Ерте деме, кеш деме!

Ойдан қымбат жоқ дер едім ештеңе.

Одан кейін — шүкіршілік,

Ол болса,

Баспанаға жетіп жатыр бөшке де!

## ОТЫРАР

О, Отырар, Отырар,—

Көкесі көп қаламның.

О, Отырар, Отырар,—

Кеңірдегі даламның.

Бастан бақыт ұшқанда:

Қызық дәурен,

Күлкі өтіп,

Кеңірдектен қысқанда

Түсті далам сылқ етіп.

Судай ағып қанымыз,

Сұлап жатты дәу дене.

Сол сол екен,

Жауымыз

Шығып алды кеудеге.

Баса-көктеп төріме

Бейбастақтар бас салды.

Бітіп ерлік сенімен,  
Басталғандай осалдық.

Тырп еткізбей жатқызып,  
Тағдыр мықтап қинады.  
Талай ғасыр өткізіп,  
Далам есін жинады.

Болдырмауға азапты  
Болмады елдің шарасы.  
О, Отырар, қазақтың  
Жазылмайтын жарасы!

О, Отырар, даланың  
Мойнындағы тыртығы.  
Қасіретін бабамның  
Келеді енді жұрт ұғып.

Қазір мұны көбі ұқты  
Ұғу керек ондайды.  
Қара бетін тарихтың  
Қызартпаса болмайды!

### **ХАЙУАНАТХАНАДА**

Жолбарыстың бар қасына,  
Жан келді деп бұрылмайды.  
Ал мысықтың арқасынан  
Сипасаң-ақ пырылдайды.

Сенбейсің бе? Бар да сына?  
Сынағандар таң қалады:  
Жолбарыстың арқасынан  
Сипасаң да шамданады.

О, мықтылық!



### **БІРІНШІ БӨЛІМ**

*Мекен-жұртым, жыр күтіп далаң менен,  
Мен далаңнан нәр алып, аман келем.  
Екі нәрсе мәңгілік:  
Бірі — өзің де,  
Бірі — мендік махаббат саған деген.*

Осы өмірдің өзінің азсынғандай азабын,  
Ойлап тапқан зұлымдар неше түрін жазаның:

Ойлап тапқан аяққа болат кісен салуды,  
Ойлап тапқан арқадан таспа тіліп алуды.

Ойлап тапқан сауырға қызған темір басуды,  
Ойлап тапқан арқанмен буындырып асуды.

Ойлап тапқан бір-бірлеп қабырғаны сөгуді,  
Ойлап тапқан тірідей қара жерге көмуді...

Бірақ соның бірі де жасытпаған батырды,  
Бірақ соның бірі де жасытпаған ақынды!

Сосын патша оларды қанатынан кайырып,  
Жер аудара бастаған Туған жерден айырып.

О, зұлым-ай, зұлым-ай!  
О, ант атқан, ант атқан!  
Осал жерін ерлердің қалай ғана дәл тапқан!

\* \* \*

Арман қылып жырақ жатқан беткейді,  
Ауылыңнан ұзап шығып кет мейлі.  
Карайсың кеп, карайсың кеп, карайсың.  
Көкжиекке көзің бірақ жетпейді!

Уақытыңды өңгімемен ұт мейлі,  
Ұзақ сапар ауыр міндет жүктейді.  
Жүресің кеп, жүресің кеп, жүресің,  
Бірақ далаң ой секілді бітпейді.

Қомағай жол жолаушыға қандай сын,  
Күн батарда қонаға жер таңдайсың.  
Жұтасың кеп, жұтасың кеп, жұтасың,  
Бірақ ауа бал секілді қанбайсың.

О, ұзақ жол, сені жол деп айтам-ау,  
Бір белесің бір белесті кайталау.  
Қажытады. Бірақ жолда қазақтың  
Үйі тұрса, а-ай, еңбегің қайтады-ау!

Қожайынға бейтаныс боп шық мейлі,  
“Қонақ келді! Ал, бәйбіше, күт!” — дейді,  
Ә дегенше дайын болған дастарқан,  
О да сендей, о, Туған жер, бітпейді!

\* \* \*

Туған жердің тылсым сырын ұғып көр:  
Бұлттың оның бұлт демей бір түбіт дер.  
Қарап тұрып мынау шырқау шыңдарға  
Қалай төмен боламыз, ей, жігіттер!

Туған жердің тылсым сырын ұғып көр:  
Тұма-бұлақ дариядан үміткер.  
Қарап тұрып мынау түпсіз теңізге,  
Қалай тайыз боламыз, ей, жігіттер!

Туған жердің тылсым сырын ұғып көр:  
Теңіз кешіп,  
шың басына шығыпты ер.  
Көре тұра мынау ұлы даланы,  
Қалай кіші боламыз, ей, жігіттер!

\* \* \*

Көкжиекке көзің ғана жақындар,  
Бұл даланы жерұйық де,  
Қақың бар.  
Бұл далада өседі екен құлпырып  
Қызғалдақ пен ақындар.

Найзағайы өзгешелеу шатырлар  
Бұл далада көп сортандар,  
Татырлар.  
Бұл далада өседі екен қасқайып  
Сексеуіл мен батырлар!

\* \* \*

Тудым сенде, тудым мен күй елінде,  
Маған қымбат сондықтан тиегің де.  
Бар асылым — өмірім — өзіндікі,  
Өзіндікі өлген соң сүйегім де!

Бір күнім жоқ өзінді қолдамаған,  
Бір күнім жоқ қанатты қомдамаған.  
Мен сен үшін айналам төмпешікке,  
Бір мәрмөрің айналар сонда маған.

Өзің жайлы жіберсе сәл ағаттық,  
Аямаймын ақылсыз жамағатты,  
Аямаймын өзімді,  
Осы ақылды  
Әулетіме қалдырам аманат қып!

### **ЕКІНШІ БӨЛІМ**

*Тұрғанмен, ана, алыста,  
Ұмытпайды ұлың парызды,  
Көңілім менің сен жақта  
Компастың тілі тәрізді.*

\* \* \*

Бәрі де, ана, бір өзіннен басталды:  
Сен деп жаздым алғаш өлең-дастанды.  
Қуандым ба?  
Өзің бар деп қуандым,  
Жыладым ба?  
Өзің жоқ деп жас тамды.

Бәрі де, ана, бір өзіннен басталды:  
Жанарыңнан көрдім алғаш аспанды.  
Еркелесем,

Бір өзіңе еркелеп,  
Жасқандым ба?  
Тек өзіңнен жасқандым.

Алғашқы дәм — ол да сендік сүт еді.  
Ақ сүт берген қашанда үміт күтеді,  
Отанымның өзі сенен басталып,  
Жауларыма жеткен жерден бітеді!

\* \* \*

Біреулер бай, ал біреудің малы кем.  
Біреу жарлы, біреу жомарт жанымен.  
Кемел жасқа келдім, ана, өйтсе де  
Көп нәрсені ұқпай жүрмін әлі мен.

Жүйрік арман, қуып жетіп қалсаң-ақ,  
Жалт береді,  
Соның өзі бір сабақ!  
Осалдар жүр өзін жұрттан артық деп,  
Ал мықтылар өзін жұрттан кем санап.

\* \* \*

Миуа-жеміс піскенде  
Қызығын көрмеу обал-ақ.  
Алмаңмын сенің,  
Түскенде  
Алысқа кеткен домалап.

Кеудеңе мол ғып тағам деп,  
Құшақғап жидым түз гүлін,  
Тайыңмын тұлпар шабам деп,  
Тарта алмай қойған тізгінін.

Карашы, жалғыз жалын Күн  
Конатын, ана, қияға:  
Қиялшыл балапаныңмын  
Қайта алмай жүрген ұяға.

Тұрғанмен бірақ алшақта  
Ұмытпайды ұлың парызды.  
Көңілім менің сен жақта  
Компастың тілі тәрізді.

\* \* \*

Қызылшадан сөне жаздап,  
Жылаттым.  
Шешектен де өле жаздап,  
Жылаттым.

Суға кетіп қала жаздап,  
Жылаттым.  
Өртке кетіп жана жаздап,  
Жылаттым.

Жанымды ерте бере жаздап,  
Жылаттым.  
Жамандарға ере жаздап,  
Жылаттым.

Өш алуға, өмір, неткен  
Шебер ең!  
Жылатып жүр енді мені  
Немерең!

\* \* \*

Біріміз — үй, біріміз пешіндеміз сол үйдің.  
Өлім келіп, есіктен талай рет мөліді.

Аман-саумыз әзірше,  
Не болады соңыра!  
Пеш құласа, сақтай гөр, үй қалады-ау қаңырап!

Күннен-күнге бір қауіп көрінеді зорайып,  
Үй құласа, сақтай гөр, пеш қалады-ау сорайып!

\* \* \*

Жанып тұрған жалын әлі,  
Жалын ана құшағы.  
Жалғыз ұлы жалынады:  
Жоламашы, құса-мұң!

Жастығы оның ғайып болды,  
Жүзі де енді сола ма?  
Жалбарынам жайып қолды,  
Жоқтық, қайтып жолама!

Күш-қуаты ортайғанда  
Қосты ол мені шабысқа.  
Қайран ана қартайғанда,  
Қаскөй ауру, жабыспа!

Өлмеудің де бір амалын  
Табатындай уақыт қой.  
Елуде де  
Тірі ананың  
Ұлы болу бақыт қой!

### **ҮШІНШІ БӨЛІМ**

*Тарт қолыңды!  
Тарт қолыңды!  
Тәйт, өлім!  
Сен одан да тірілтудің айт емін!  
Барлығыңды сезбей-сезбей,  
О, әке,  
Жоқтығыңды бір-ақ сездім,  
Қайтемін!*

Өлерде кемсендеп,  
Өбіп ең бетімді.  
Жалғыз ем мен сенде  
Жүрегің секідді,

Қинады сол сені!  
Қинады сол сені!

Жарығым сөнгендей,  
Жоғалттым шуақты.  
Жалғыз ең сен менде  
Туған жер сияқты,

Қинады сол мені!  
Қинады сол мені!

\* \* \*

Кеткен жок әлі күнге тарап кайғы,  
Кешегің, ұмытқанды жаратпайды.